

ҒТАР 16.21.27

Ғылыми мақала

Д. Сүлеймен*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,**Алматы, Қазақстан**(E-mail: suleimandana1892@gmail.com)***Сыпайылық құрылымдардың қазақ тіліндегі ерекшелігі**

Аңдатпа. Мақалада қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарының ұлттық-мәдени сипаты әлемнің тілдік бейнесі теориясы аясында қарастырылады. Зерттеудің көкейкестілігі тілдің ұлттың тарихи тәжірибесін, мәдени құндылықтары мен дүниетанымын сақтайтын маңызды таным құралы болуымен түсіндіріледі. Зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарының ұлттық мәдени кодпен байланысын айқындау және олардың әлемнің тілдік бейнесіндегі орнын анықтау. Жұмыстың ғылыми маңызы антропоэзектік, когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттану бағыттарының қағидаларын сыпайылық категориясын зерттеуге кешенді түрде қолдануында, ал практикалық маңызы алынған нәтижелерді қазақ тілін оқыту, аударматану және мәдениетаралық коммуникация салаларында пайдалану мүмкіндігінде. Зерттеу материалы ретінде көркем әдебиет, БАҚ мәтіндері, ауызекі сөйлеу үлгілері мен сөздіктерден жинақталған лексикалық, грамматикалық және прагматикалық тілдік бірліктер алынды; талдау сипаттамалы, семантикалық, концептуалдық және лингвомәдени әдістер негізінде жүргізілді. Нәтижесінде қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарының («сіз» есімдігі, құрмет мәнді қосымшалар, қаратпа сөздер, өтініш пен кешірім сұрау формулалары, алғыс айту үлгілері) құрмет, кішіпейілділік, әлеуметтік үйлесім және ризашылық деген төрт негізгі концептуалдық модель төңірегінде ұйымдасатыны анықталды. Зерттеудің құндылығы қазақ тіліндегі сыпайылықты жеке грамматикалық құбылыс емес, ұлттық дүниетанымының көрінісі ретінде кешенді қарастыруында. Алынған нәтижелер қазақ тіліндегі сыпайылық жүйесін басқа түркі, батыс және шығыс тілдерімен салыстырмалы зерттеуге негіз бола алады.

Түйін сөздер: сыпайылық құрылымдары, әлемнің тілдік бейнесі, ұлттық дүниетаным, лингвомәдениеттану, антропоэзектік лингвистика, қазақ тілі

DOI: <https://doi.org/10.71078/9pbfnw88>

Түсті: 02.07.2026; Мақұлданды: 03.07.2026; Онлайн қолжетімді: 04.07.2026.

Кіріспе

Қазіргі тіл білімінде антропоэзектік парадигманың қалыптасуы тілдің тек құрылымдық жүйе ретінде емес, адам санасымен, мәдениетпен және дүниетаныммен сабақтастықта қарастырылуына жол ашты. Осы бағыттағы маңызды ұғымдардың бірі – әлемнің тілдік бейнесі. Әлемнің тілдік бейнесі белгілі бір халықтың қоршаған ортаны қабылдау, тану және бағалау ерекшеліктерінің тіл арқылы көрініс табуын білдіреді. Тіл белгілі бір этностың тарихи тәжірибесін, мәдени құндылықтарын, әлеуметтік қатынастарын және рухани дүниесін сақтап қана қоймай, оларды кейінгі ұрпаққа жеткізетін маңызды мәдени қызметін атқарады. Сондықтан белгілі бір халықтың дүниетанымын тану үшін оның тілдік қорын, қатысымдық ерекшеліктерін және мәдени мазмұнға ие тілдік құрылымдарын зерттеу қажеттілігі туындайды.

Әлемнің тілдік бейнесі мәселесінің ғылыми негіздері неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдт еңбектерінде қаланды. Ғалым тілдің тек коммуникация құралы ғана емес, халық рухының көрінісі екенін атап көрсетіп, әрбір тілдің өзіндік дүниетанымдық жүйесі

болатынын дәлелдеді. Оның Weltansicht концепциясы бойынша адам қоршаған ортаны тікелей емес, ана тілі арқылы қабылдайды, сондықтан әрбір халықтың әлем туралы түсінігі оның тілінде көрініс табады (Humboldt, 1999: 60). Тіл мен ойлау арасындағы байланыс мәселесі американдық лингвистер Эдвард Сепир мен Бенджамин Ли Уорф еңбектерінде жалғасын тапты. Сепирдің пікірінше, адамның қоршаған әлемді қабылдауы мен түсінуі оның ана тілінің құрылымымен тығыз байланысты, ал тіл – тек қатысым құралы ғана емес, қоғамдық тәжірибені сақтайтын әлеуметтік-таным жүйесі (Sapir, 1921: 14). Уорф бұл идеяны әрі қарай дамытып, әрбір тіл өз иесіне дүниені белгілі бір «желі» бойынша бөлшектеп беретінін, яғни тілдік категориялардың адамның дүниені тану тәсілін қалыптастыратынын көрсетті (Whorf, 1956: 213).

Ұлттық тілдік бейне теориясының дамуына неміс ғалымы Лео Вайсгербер ерекше үлес қосты. Ол ғылыми айналымға sprachliches Weltbild («тілдік әлем бейнесі») терминін енгізіп, тілдің адам мен объективті болмыс арасындағы дәнекер қызметін негіздеді: әрбір тіл қоршаған ортаны өзінше құрылымдайды және сол арқылы ұлттық дүниетанымды қалыптастырады (Weisgerber, 1962: 16). Қазіргі когнитивтік лингвистикада бұл мәселе поляк-австралиялық ғалым Анна Вежбицкаяның еңбектерінде жаңа қырынан қарастырылды. Ғалымның пікірінше, әрбір тілде белгілі бір мәдени сценарийлер сақталады, олар халықтың тәжірибесі мен өмір сүру жағдайларын бейнелейді және сол тілде сөйлейтіндерге ғана тән атаулар мен реалийлерді қамтиды (Wierzbicka, 1997: 35).

Этнолингвистикалық бағыттағы зерттеулерде поляк ғалымы Ежи Бартминьский ұлттық қауымдастықтардың дүниетанымы тілдік бірліктер арқылы көрініс табатынын дәлелдеп, тілдік бейнені белгілі бір этностың субъективті түрде құрылымдалған дүниетанымы ретінде анықтады (Bartmiński, 2009: 12). Ал америкалық ғалымдар Джордж Лакофф пен Марк Джонсон концептуалдық метафора теориясы арқылы адамның ойлау жүйесінің көбіне метафоралық сипатта ұйымдасатынын және мәдени ортада қалыптасқан концептуалдық модельдердің тілде әртүрлі метафоралық құрылымдар арқылы көрініс табатынын көрсетті (Lakoff & Johnson, 2003: 3). Бұл шетелдік теориялық негіздерді ресейлік зерттеушілер де әрі қарай дамытты: атап айтқанда, ұлттық тілдік бейне мәдениеттің ықпалымен қалыптасатын және тек лексикада ғана емес, грамматикада, сөйлеу этикетінде де көрініс табатын күрделі когнитивтік құрылым ретінде сипатталады (Neudachina, 2018: 15).

Қазақ халқының дүниетанымында ерекше орын алатын мәдени құндылықтардың бірі – сыпайылық. Қазақ қоғамында сыпайылық жеке адамның мінез-құлқын сипаттайтын этикалық категория ғана емес, әлеуметтік қатынастарды реттейтін маңызды мәдени институт болып табылады. Үлкенді құрметтеу, кішіні сыйлау, сөзге тоқтау, әдеп сақтау, өзгенің мәртебесін ескеру сияқты қағидалар қазақ мәдениетінің негізін құрайды. Бұл ерекшеліктер тілде әртүрлі сыпайылық құрылымдары арқылы көрініс табады.

Қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдары лексикалық, грамматикалық және прагматикалық деңгейлерде жүзеге асады. «Сіз» есімдігінің қолданылуы, құрмет мәнді қосымшалар, өтініш пен кешірім сұрау формулалары, алғыс айту үлгілері, қаратпа сөздер және сөйлеу этикетінің басқа да құралдары ұлттық дүниетанымның маңызды көрсеткіштері болып табылады. Осыған байланысты қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарын әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан зерттеу ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының мақсаты – қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарының ұлттық мәдени кодпен байланысын айқындау және олардың әлемнің тілдік бейнесіндегі орнын анықтау.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу материалы ретінде қазіргі қазақ тіліндегі сыпайылық мағынасын білдіретін лексикалық, грамматикалық және прагматикалық тілдік бірліктер алынды. Материалдар

көркем әдебиеттен, бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерінен, ауызекі сөйлеу үлгілерінен және қазақ тілінің сөздіктерінен жинақталды. Зерттеу барысында сыпайылық категориясын білдіретін тілдік бірліктер бірнеше топқа жіктелді: сыпайылық есімдіктері, қаратпа сөздер, өтініш және кешірім сұрау формулалары, алғыс айту құрылымдары, құрмет мәнді грамматикалық тұлғалар және сөйлеуді жұмсартатын модальдық құрылымдар. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін антропоэзектік лингвистика, когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану бағыттарының қағидалары құрайды. Тілдік материалдарды талдау барысында сипаттамалы әдіс, семантикалық талдау әдісі, концептуалдық талдау әдісі және лингвомәдени талдау әдісі қолданылды. Сонымен қатар тілдік деректердің артында тұрған ұлттық мәдени мазмұнды анықтау мақсатында интерпретациялық талдау тәсілі пайдаланылды.

Тіл белгілі бір халықтың дүниетанымын қалыптастыратын маңызды құрал болғандықтан, сыпайылық құрылымдары тек қатысымдық қызмет атқарып қана қоймай, ұлттық мәдениеттің маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылды. Сондықтан зерттеу барысында тілдік бірліктердің құрылымдық ерекшеліктерімен қатар олардың мәдени және дүниетанымдық мазмұнына да назар аударылды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Ұлттық тілдік бейне ұғымының теориялық негіздері жоғарыда аталған батыстық лингвистикалық мектептерде (Гумбольдт, Сепир, Уорф, Вайстербер, Вежбицкая, Бартминьский, Лакофф пен Джонсон) қаланғанымен, бұл теорияны нақты тілдік материалда, соның ішінде славян және түркі тілдерінде қолдану ресейлік және посткеңестік зерттеушілердің еңбектерінде де жалғасын тапты. Атап айтқанда, лингвомәдениеттану ғылыми пән ретінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейтін кешенді сала ретінде қарастырылады, оның қалыптасуына В.Н. Телия, В.В. Воробьев, В.А. Маслова сияқты ғалымдардың еңбектері негіз болды (Камалова, 2017: 700). Ал ұлттық тілдік бейненің мазмұны тек лексикада ғана емес, грамматикада, фразеологияда және сөйлеу этикетінде де көрініс табатыны, сондай-ақ бұл мәселенің зерттелуі жалпы теориялық тұрғыдан жеткілікті дамығанымен, нақты этномәдени материалдар негізінде әлі толық зерттелмегені атап өтіледі (Закирова, 2016: 298; Закирова және т.б., 2017: 100).

Әлемнің тілдік бейнесі және когнитивтік лингвистика мәселелері қазақ тіл білімінде де кеңінен зерттелген. Алаш зиялыларының пікірлерінен бөлек қазірге дейінгі ғалымдардың басым көпшілігі тілдегі адамның әлемді қалай танып, таңбалағанын зерттеген. Мақалада толық бәріне шолу жасай алмағандықтан соңғы жылдары зерттеулерге себеп болған еңбектерді атауды жөн көрдік. Отандық тіл білімінде когнитивтік бағыттың қалыптасуы мен дамуын жүйелі түрде сипаттаған Э.Н. Оразалиева өз монографиясында қазақ тіліндегі танымдық құрылымдардың ерекшеліктерін, тілдік сана мен әлем бейнесінің арақатынасын теориялық тұрғыдан негіздейді (Оразалиева, 2007: 45). Ж.А. Манкеева қазақ тілін когнитивтік тұрғыдан зерттеудің әдіснамалық негіздерін айқындай отырып, сөздің заттың тура таңбасы емес, ұлттық сана арқылы қалыптасқан тілдік-мәдени бейнесі екенін көрсетеді, яғни әлем бейнесі тілде дайын күйінде берілмей, сол тілде сөйлеуші этностың танымдық қызметі нәтижесінде жасалатынын дәлелдейді (Манкеева, 2001: 4). Ал Қ.Ж. Жаманбаева тіл қолданысының когнитивтік негіздерін эмоция, символ және тілдік сана ұғымдары арқылы зерттеп, қазақ тілдік санасының құрылымдық ерекшеліктерін ашып көрсетеді (Жаманбаева, 1998: 23). Жалпы затқа, құбылысқа ат беру - адамның өзі танып білген жаратылыстың сан алуан белгілерін, қимыл-әрекеттің сапасын, қасиетін бағалауы, әлем бейнесінің өзіндік қалыбын жасап, оны сөз ретінде таңбалауы. А.Салқынбай: «Атау үдерісі болмыстың, ұғымның, атаудың арасындағы қатынас арқылы айқындалады. Атау – белгілі мағына мен мәнге негізделген дыбыстық қатардан тұратын таным арқылы анықталатын тілдік таңба. Атау – тілдің құрылымдық

жүйеге сәйкес анықталатын тілдік кілт (языковой код) арқылы санада таңбаланады», – деген тұжырым жасайды (Салқынбай, 2008: 320-321). Бұл еңбектер қазақ тіл біліміндегі антропоэзектік-когнитивтік парадигманың теориялық негізін қалыптастырғанымен, олардың назары негізінен жалпы тілдік сана мен концептілер жүйесіне бағытталған, ал сыпайылық категориясы дербес зерттеу нысаны ретінде арнайы қарастырылмаған – бұл да осы жұмыстың өзектілігін күшейте түседі.

Лингвомәдениеттану ғылымында ұлттық дүниетанымның маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде сыпайылық категориясы қарастырылады. Сыпайылық белгілі бір қоғамда қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтардың тілдік көрінісі болып табылады. Батыс зерттеулерінде сыпайылық мәселесі көбіне жеке тұлғаның еркіндігімен және коммуникативтік құқықтарымен байланысты қарастырылады (Brown & Levinson дәстүрі негізінде қалыптасқан «face» ұғымы арқылы). Ал шығыс халықтарында, соның ішінде түркі халықтарында, сыпайылық ұжымдық құндылықтармен, әлеуметтік үйлесіммен және өзара құрметпен байланысты түсіндіріледі. Бұл ерекшелік тілдік құрылымдарда да көрініс табады.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында құрмет, ізет, әдеп және кішіпейілділік ұғымдары ерекше орыналады. Соңғы жылдары қазақ тіліндегі сыпайылық пен қатысымдық әдеп мәселесі қазақстандық зерттеушілердің ағылшын тіліндегі жұмыстарында да арнайы қарастырыла бастады. Атап айтқанда, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ зерттеушілерінің әлеуметтік сауалнама негізіндегі жұмысы қазақ жастарының сыпайылық ұғымын құрмет, инабаттылық және қонақжайлылықпен байланыстыратынын, әрі қазақ сыпайылығының дәстүрлі көшпелі мәдениетпен және қоғамдық үйлесімді сақтау қажеттілігімен тығыз байланысты екенін дәлелдейді (Muldagaliyeva et al., 2022: 28). Сол сияқты, қазақ және ағылшын тілдеріндегі сыпайылық концептісінің салыстырмалы талдауы екі лингвомәдениеттегі сыпайылық стратегияларының прагматикалық және этномәдени айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік беретіні атап өтіледі (Ryssaldu & Uterova, 2018: 3). Бұл зерттеулер қазақ тіліндегі сыпайылықты жалпытеориялық тұрғыдан ғана емес, нақты этномәдени материал негізінде сипаттаудың қажеттігін көрсетеді, дегенмен қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарының концептуалдық модельдер деңгейінде жүйелі талдануы әлі толық зерттелмеген мәселе болып қалуда. Себебі сыпайылық құрылымдары тек грамматикалық немесе прагматикалық құбылыс қана емес, халықтың адам мен қоғам, тұлға мен ұжым, құрмет пен жауапкершілік туралы түсініктерін көрсететін мәдени-танымдық категория. Осы олқылықты толықтыру мақсатында қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарын әлемнің тілдік бейнесі теориясы аясында, концептуалдық модельдер деңгейінде жүйелі түрде сипаттау осы зерттеудің негізгі міндетіне айналды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдары ұлттық дүниетанымның маңызды бөлігі екені анық. Олар арқылы қазақ халқының адамға деген көзқарасы, әлеуметтік қатынастарды ұйымдастыру ерекшеліктері және мәдени құндылықтары көрініс табады. Әлемнің қазақ тілдік бейнесінде сыпайылық ең алдымен құрмет ұғымымен байланысты қалыптасады. Қазақ дүниетанымында адамның жасы, әлеуметтік мәртебесі, қоғамдағы орны және тәжірибесі ерекше бағаланатындықтан, сөйлеу барысында осы ерекшеліктерді ескеру маңызды коммуникативтік норма болып саналады. Қазақ тіліндегі сыпайылықтың негізгі көрсеткіштерінің бірі – «сен» және «сіз» есімдіктерінің қолданылуы. Түркі тілдерінің көпшілігінде кездесетін бұл құбылыс қазақ тілінде ерекше әлеуметтік мәнге ие. «Сен» тұлғасы жақын адамдар арасындағы бейресми қатынасты білдірсе, «сіз» тұлғасы құрмет пен әлеуметтік арақашықтықтың көрсеткіші ретінде қызмет етеді.

Мысалы: «Сіз қалай ойлайсыз?»; «Сізге бір мәселе бойынша хабарласып тұр едім»; «Уақытыңыз болса, мына құжатты қарап жібересіз бе?». Бұл мысалдарда сөйлеуші адресаттың мәртебесін жоғары бағалап, оған құрмет білдіреді. Қазақ әлемінің тілдік бейнесінде үлкен адамға немесе бейтаныс адамға «сен» деп сөйлеу коммуникативтік норманың бұзылуы ретінде қабылданады. Сондықтан «сіз» есімдігі жай ғана грамматикалық категория емес, ұлттық мәдениеттің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Қазақ дүниетанымында құрмет көрсету тек есімдіктер арқылы ғана емес, арнайы грамматикалық құрылымдар арқылы да жүзеге асады. Бұлардың қатарына -ңыз/-ңіз, -ыңыз/-іңіз тұлғалары жатады. Мысалы: «Отырыңыз», «Күте тұрыңыз», «Айтып жіберіңіз», «Қарап шығыңыз». Бұл тұлғалар бұйрық мәнін жұмсартып, өтініш немесе сыпайы ұсыныс мағынасын қалыптастырады. Егер сөйлеуші осы қосымшаларды қолданбаса, сөйлемнің коммуникативтік әсері айтарлықтай өзгереді. Мысалы: «Отыр» және «Отырыңыз» – екі сөйлемнің мазмұны ұқсас болғанымен, прагматикалық әсері мүлде басқа. Бірінші сөйлем бұйрыққа жақын болса, екінші сөйлем құрмет пен ізетті білдіреді. Осы ерекшелік қазақ тіліндегі сыпайылықтың грамматикалық деңгейде көрініс табатынын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарының маңызды бөлігін қаратпа сөздер құрайды. Қаратпа сөздер сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы әлеуметтік қатынасты реттеуге мүмкіндік береді. Қазақ қоғамында адамның жас ерекшелігін және мәртебесін ескеріп сөйлеу маңызды болғандықтан, қаратпа сөздердің қызметі ерекше, әсіресе туыстық мәндегі атаулардың сыпайылық қызметінде қолданылуы қазақ тілінің өзіндік ұлттық ерекшелігін көрсетеді (Muldagaliyeva et al., 2015: 84). Мысалы: «Аға, бір сұрақ қойсам бола ма?»; «Апай, көмектесіп жіберіңізші»; «Ата, төрге шығыңыз»; «Әже, амансыз ба?». Бұл сөздер тек адресатты атау қызметін атқармайды. Олар қазақ дүниетанымындағы құрмет концептісін білдіреді. Қазақ әлемінің тілдік бейнесінде қоғам үлкен әлеуметтік қауымдастық ретінде қабылданады. Сондықтан туыстық мәндегі атаулардың қатысымдық қызмет атқаруы ұлттық дүниетанымның ерекшелігі болып табылады.

Қазақ тіліндегі сыпайылықтың маңызды көріністерінің бірі – өтініш білдіру формулалары. Қазақ мәдениетінде тікелей талап қою немесе бұйрық беру көбінесе жағымсыз бағаланады. Сондықтан өтініш білдіру кезінде арнайы жұмсартқыш құрылымдар қолданылады. Мысалы: «Рұқсат болса, пікір білдірейін»; «Мүмкін болса, көмектесіп жіберіңіз»; «Қолайлы болса, осы мәселені қарастырсақ»; «Уақытыңыз болса, жауап берсеңіз». Бұл құрылымдар сөйлеушінің өз талабын жұмсартып жеткізуіне мүмкіндік береді. Мұндай қолданыстар қазақ мәдениетіндегі кішіпейілділік пен ізеттіліктің көрінісі болып табылады.

Кешірім сұрау формулалары да қазақ тіліндегі сыпайылық жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Мысалы: «Кешіріңіз», «Айып етпеңіз», «Мазалағаным үшін кешірім сұраймын», «Қолайсыздық үшін кешірім өтінемін». Бұл құрылымдар сөйлеушінің өз әрекеті үшін жауапкершілік сезімін білдіреді. Қазақ дүниетанымында өзгенің көңіліне қарау және қарым-қатынастағы үйлесімді сақтау маңызды құндылық ретінде бағаланады.

Қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарының ерекше тобы – алғыс айту формулалары. Қазақ мәдениетінде ризашылық білдіру тек этикеттік норма ғана емес, адамаралық қатынасты нығайтатын маңызды әлеуметтік құрал болып табылады. Мысалы: «Рақмет», «Көп рақмет», «Мың алғыс», «Үлкен рақмет», «Алла разы болсын». Бұл мысалдардың ішінде соңғысы ерекше назар аудартады. Өйткені онда алғыс айту діни дүниетаныммен байланысады. Бұл қазақ әлемінің тілдік бейнесінде рухани құндылықтардың маңызды орын алатынын көрсетеді.

Қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарын талдау олардың бірнеше концептуалдық

модель төңірегінде ұйымдасатынын көрсетеді. Бірінші модель – құрмет концептісі. Қазақ қоғамында адамның жасы мен әлеуметтік мәртебесін ескеру маңызды болғандықтан, құрмет көрсетуге бағытталған тілдік құрылымдар кең таралған. Екінші модель – кішіпейілділік концептісі. Өтініш жасау, кешірім сұрау және пікір білдіру кезінде қолданылатын жұмсартқыш құрылымдар осы концептінің көрінісі болып табылады. Үшінші модель – әлеуметтік үйлесім концептісі. Қазақ мәдениетінде қоғам мүшелері арасындағы татулық пен өзара сыйластық ерекше бағаланатындықтан, тілде қарым-қатынасты жұмсартуға бағытталған көптеген құрылымдар қалыптасқан. Төртінші модель – ризашылық концептісі. Алғыс айту формулалары қазақ дүниетанымындағы өзара көмек пен адамаралық байланыстың маңызын көрсетеді. Осылайша қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдары әлемнің тілдік бейнесінде құрмет, кішіпейілділік, әлеуметтік үйлесім және ризашылық секілді негізгі мәдени концептілер арқылы көрініс табады.

Қорытынды

Тіл – белгілі бір халықтың тарихи тәжірибесін, мәдени құндылықтарын және дүниетанымдық ерекшеліктерін сақтайтын маңызды танымдық жүйе. Осы тұрғыдан алғанда әлемнің тілдік бейнесі белгілі бір этностың қоршаған ортаны қабылдау және түсіндіру ерекшеліктерінің тіл арқылы көрініс табуын сипаттайды. Зерттеу барысында қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарының ұлттық дүниетаныммен тығыз байланыста қалыптасқаны анықталды. Сыпайылық категориясы қазақ мәдениетінде тек сөйлеу әдебінің элементі ғана емес, әлеуметтік қатынастарды реттейтін маңызды мәдени институт қызметін атқарады. Сондықтан қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдары – ұлттық дүниетанымның маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі сыпайылықтың бірнеше деңгейде жүзеге асатынын көрсетті. Лексикалық деңгейде қаратпа сөздер, алғыс айту формулалары және сыпайылық мәнді тілдік бірліктер қызмет атқарады. Грамматикалық деңгейде құрмет мәнді қосымшалар, сыпайылық есімдіктері және бұйрық райдың жұмсартылған формалары қолданылады. Прагматикалық деңгейде өтініш білдіру, кешірім сұрау және келісім алу сияқты қатысымдық құрылымдар маңызды орын алады. Талдау нәтижесінде қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарының әлемнің тілдік бейнесінде төрт негізгі концептуалдық модель арқылы көрініс табатыны анықталды: құрмет, кішіпейілділік, әлеуметтік үйлесім және ризашылық концептілері.

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдарының ұлттық дүниетанымдағы ұжымдық құндылықтарды бейнелейтіні байқалды. Батыс мәдениеттерінде сыпайылық көбіне жеке тұлғаның еркіндігімен байланыстырылса, қазақ мәдениетінде ол әлеуметтік қатынастардың үйлесімділігімен, өзара құрметпен және қоғамдағы татулықпен сабақтасады. Сондықтан қазақ әлемінің тілдік бейнесінде «мен» концептісінен гөрі «біз» концептісі басым көрініс табады.

Жалпы алғанда, қазақ тіліндегі сыпайылық құрылымдары – әлемнің тілдік бейнесінің маңызды компоненттерінің бірі. Олар ұлттық мәдениеттің, тарихи тәжірибенің және қоғамдық қатынастардың тілдегі көрінісін айқындайды. Сондықтан болашақта қазақ тіліндегі сыпайылық категориясын басқа түркі тілдерімен, сондай-ақ батыс және шығыс тілдерімен салыстыра зерттеу ұлттық дүниетанымның ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

Жаманбаева, Қ. (1998). *Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана*. Ғылым.

Закирова, Р.Р. (2016). Концепт в контексте национальной культуры. В сб. *Иностранные*

языки в современном мире (с. 298–302). Казань, Изд-во Казан. ун-та.

Закирова, Р.Р., Гильмутдинова, И.В., & Соколова, И.И. (2017). Изучение языковой картины мира в современной лингвокультурологии. *Филологические науки. Вопросы теории и практики*, 3, 99–101.

Камалова, Д.А. (2017). Lingvoculturology as a new direction of contemporary linguistics. *Молодой ученый*, 15 (149), 700–702.

Манкеева, Ж. (2001). Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. *Тілтаным*, 4, 3–9.

Оразалиева, Э.Н. (2007). *Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы: Ғылыми монография*. Ан Арыс.

Салқынбай, А.Б. (2008). *Қазіргі қазақ тілі*. Эверо.

Bartmiński, J. (2009). *Aspects of Cognitive Ethnolinguistics*. London, Equinox Publishing.

Humboldt, W. von. (1999). *On Language: On the Diversity of Human Language Construction and Its Influence on the Mental Development of the Human Species* (Ed. M. Losonsky). Cambridge University Press.

Lakoff, G., & Johnson, M. (2003). *Metaphors We Live By*. Chicago, University of Chicago Press.

Muldagaliyeva, A.A., Gumarova, S.B., Issabayeva, B.K., & Zhirenschina, K.A. (2015). The Socio-Cultural Functions of Kazakh Kinship Terms. *Asian Social Science*, 11 (16), 80–87.

Muldagaliyeva, A.A., Urazgaliyeva, S.A., Tleulinova, M.B., Zhyrenshina, K.A., Duisenbayeva, S.S., Khalenova, A.R., Cesur, K., & Kassymova, G.K. (2022). A Socio-Cultural Study of Face and Politeness Conceptions in the Kazakh Context. *Pertanika Journal of Social Sciences & Humanities*, 30 (S1), 25–42.

Neudachina, L.V. (2018). The role of culture in linguistic worldview formation. *Russian Linguistic Bulletin*, 1 (13).

Ryssaldy, K.T., & Utepova, A.N. (2018). Lingocultural Peculiarities of the Concept «Politeness» in Kazakh and English Languages and Its Influence on Forms of Politeness. *Серия общественных и гуманитарных наук*, 2 (3), 1–5.

Sapir, E. (1921). *Language: An Introduction to the Study of Speech*. New York, Harcourt, Brace.

Weisgerber, L. (1962). *Von den Kräften der deutschen Sprache I: Grundzüge der inhaltbezogenen Grammatik*. Düsseldorf, Schwann.

Whorf, B. L. (1956). *Language, Thought and Reality: Selected Writings of Benjamin Lee Whorf* (Ed. J. B. Carroll). Cambridge, MA: MIT Press.

Wierzbicka, A. (1997). *Understanding Cultures through Their Key Words*. New York, Oxford University Press.

References

Bartmiński, J. (2009). *Aspects of Cognitive Ethnolinguistics*. London, Equinox Publishing.

Humboldt, W. von. (1999). *On Language: On the Diversity of Human Language Construction and Its Influence on the Mental Development of the Human Species*. Cambridge University Press.

Kamalova, D.A. (2017). Lingvokul'turologiya kak novoe napravlenie sovremennoj lingvistiki [Lingvoculturology as a new direction of contemporary linguistics]. *Molodoy Uchenyy*, 15 (149), 700–702. (in Russian).

Lakoff, G., & Johnson, M. (2003). *Metaphors We Live By*. Chicago, University of Chicago Press.

Mankeyeva, Zh. (2001). Qazaq tilin zertteudin kognitivtik negizderi [Cognitive foundations of the study of the Kazakh language]. *Tiltanym*, 4, 3–9. (in Kazakh).

Muldagaliyeva, A.A., Gumarova, S.B., Issabayeva, B.K., & Zhirenschina, K.A. (2015). The Socio-Cultural Functions of Kazakh Kinship Terms. *Asian Social Science*, 11(16), 80–87.

Muldagaliyeva, A.A., Urazgaliyeva, S.A., Tleulinova, M.B., Zhyrenshina, K.A.,

Duisenbayeva, S.S., Khalenova, A.R., Cesur, K., & Kassymova, G.K. (2022). A Socio-Cultural Study of Face and Politeness Conceptions in the Kazakh Context. *Pertanika Journal of Social Sciences & Humanities*, 30 (S1), 25–42.

Neudachina, L.V. (2018). The role of culture in linguistic worldview formation. *Russian Linguistic Bulletin*, 1 (13).

Orazaliyeva, E.N. (2007). *Kognitivtik lingvistika: qalyptasuy men damuy: Ghylymi monografiya* [Cognitive linguistics: formation and development: Scientific monograph]. An Arys. (in Kazakh).

Ryssaldy, K.T., & Utepova, A.N. (2018). Lingocultural peculiarities of the concept «Politeness» in Kazakh and English languages and its influence on forms of politeness. *Seria Obshestvennykh i Gumanitarnykh Nauk*, 2 (3), 1–5.

Salqynbai, A.B. (2008). *Qazirgi qazaq tili* [Modern Kazakh language]. Evero. (in Kazakh).

Sapir, E. (1921). *Language: An Introduction to the Study of Speech*. New York, Harcourt, Brace.

Weisgerber, L. (1962). *Von den Kräften der deutschen Sprache I: Grundzüge der inhaltbezogenen Grammatik* [On the powers of the German language I: Fundamentals of content-oriented grammar]. Düsseldorf, Schwann. (in German).

Whorf, B.L. (1956). *Language, Thought and Reality: Selected Writings of Benjamin Lee Whorf*. Cambridge, MA: MIT Press.

Wierzbicka, A. (1997). *Understanding Cultures through Their Key Words*. New York: Oxford University Press.

Zakirova, R.R. (2016). Kontsept v kontekste natsionalnoy kultury [Concept in the context of national culture]. In *Inostrannyye Yazyki v Sovremennom Mire* (pp. 298–302). Kazan, Kazan University Press. (in Russian).

Zakirova, R.R., Gilmutdinova, I.V., & Sokolova, I.I. (2017). Izuchenie yazykovoy kartiny mira v sovremennoy lingvokulturologii [The study of linguistic worldview in modern linguoculturology]. *Philological Sciences. Questions of Theory and Practice*, 3, 99–101. (in Russian).

Zhamanbayeva, Q. (1998). *Til qoldanysynyn kognitivtik negizderi: emotsiya, simvol, tildik sana* [Cognitive foundations of language use: emotion, symbol, linguistic consciousness]. Almaty: Ghylym. (in Kazakh).

D. Suleimen

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: suleimandana1892@gmail.com)

Features of Politeness Structures in the Kazakh Language

Abstract. This article examines the national-cultural specificity of politeness structures in the Kazakh language within the framework of the linguistic worldview theory. The relevance of the study stems from the role of language as an important cognitive tool that preserves the historical experience, cultural values, and worldview of an ethnic group. The aim of the study is to identify the connection between politeness structures in the Kazakh language and the national cultural code, and to determine their place within the linguistic worldview. The scientific significance of the work lies in the comprehensive application of the principles of anthropocentric linguistics, cognitive linguistics, and linguoculturology to the study of the category of politeness, while its practical significance lies in the potential use of the results in teaching Kazakh, translation studies, and intercultural communication. The research material comprises lexical, grammatical, and pragmatic linguistic units collected from fiction, media texts, samples of colloquial speech, and dictionaries; the analysis was conducted using descriptive, semantic, conceptual, and linguocultural methods. The findings show that

politeness structures in the Kazakh language (the pronoun «сіз», honorific suffixes, forms of address, formulas of request and apology, and expressions of gratitude) are organized around four core conceptual models: respect, modesty, social harmony, and gratitude. The value of the study lies in treating politeness in the Kazakh language not merely as a grammatical phenomenon but as a reflection of the national worldview. The results obtained can serve as a basis for comparative research on the Kazakh politeness system in relation to other Turkic, Western, and Eastern languages.

Keywords: politeness structures, linguistic worldview, national worldview, linguoculturology, anthropocentric linguistics, Kazakh language.

Д. Сүлеймен

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: suleimandana1892@gmail.com)*

Особенности структур вежливости в казахском языке

Аннотация. В статье рассматривается национально-культурная специфика структур вежливости в казахском языке в рамках теории языковой картины мира. Актуальность исследования обусловлена тем, что язык выступает важным средством познания, сохраняющим исторический опыт, культурные ценности и мировоззрение этноса. Цель исследования – выявить связь структур вежливости в казахском языке с национальным культурным кодом и определить их место в языковой картине мира. Научная значимость работы заключается в комплексном применении принципов антропоцентрической, когнитивной лингвистики и лингвокультурологии к изучению категории вежливости, а практическая значимость – в возможности использования полученных результатов в преподавании казахского языка, переводоведении и межкультурной коммуникации. Материалом исследования послужили лексические, грамматические и прагматические языковые единицы, собранные из художественной литературы, медиатекстов, образцов устной речи и словарей; анализ проводился с использованием описательного, семантического, концептуального и лингвокультурологического методов. В результате установлено, что структуры вежливости в казахском языке (местоимение «сіз», аффиксы почтительности, обращения, формулы просьбы и извинения, формулы благодарности) организуются вокруг четырёх основных концептуальных моделей: уважение, скромность, социальная гармония и благодарность. Ценность исследования состоит в комплексном рассмотрении вежливости в казахском языке не как отдельного грамматического явления, а как отражения национального мировоззрения. Полученные результаты могут послужить основой для сопоставительного изучения системы вежливости казахского языка с другими тюркскими, западными и восточными языками.

Ключевые слова: структуры вежливости, языковая картина мира, национальное мировоззрение, лингвокультурология, антропоцентрическая лингвистика, казахский язык.

Автор туралы мәлімет:

Сүлеймен Д. – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3473-6660>

Information about author:

Suleimen D. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3473-6660>

Сведения об авторах:

Сулеймен Д. – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3473-6660>



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License